

Ақоба ауылы

Ақоба – ауыл, әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы – Жәнібек ауылынан шығысқа қарай 42 км-дей жерде ақ жусан, бидайлық басым өскен сортаң топырақты шөлейтті далада орналасқан. Іргесі -1963 ж. Жәнібек қой кеңшары негізінде қаланды. А-да Х.Халиуллин атындағы жалпы білім беретін орта мектеп, мәдениет үйі, мұсылмандар мешіті, балабақша, кітапхана, фельдшерлік-акушерлік пункт бар.

Ақоба ауылдық округі - бұрынғы Ақоба селолық 1994 жылғы 4 сәуірдегі қаулысымен құрылған. Округке Ақоба ауылы мен мал қыстақтары кіреді. Тұрғыны – 900 адам (2007). Округ бойынша 45 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Әр жылдары ауылдық әкімдері: Қапезов Асқар (1991-1998 жж.), Айтмұқамбетов Бақтыгерей Мұхтарұлы (1998-2002 жж.), Өтемісов Рауль Айболатұлы (2002-2005 жж.), Жексенов Есенгелді Қшанауұлы (2005-2008 жж.), Есенғалиев Айдынғали Орынғалиұлы (2008-2009 жж.), Жапақов Сырымбек Мүсәлімұлы (2009-2012жж.).